



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады.

Ел жаңалықтары

A group of four men are gathered outdoors, looking at a set of papers held by one of them. They are dressed in winter attire, including puffer jackets and caps. The background shows a building with a corrugated metal roof.

ғимаратының құрылысы қарқынды. Жобада жаңа үлгідегі вокзал ғимаратынан бөлек перрон аумағын абаттандыру және жарықтандыру жұмыстары да қарастырылған. Жаңа вокзал ғимараты іске қосылған соң, аудан тұрғындары мен жолаушылар үшін теміржол қызметінің сапасы артып, жолаушыларға қолайлы жағдай жасалады.

Ие, Жалағаш ауданында бұрынғы теміржол пунктін қайта жаңғырттылуда. Осыған дейін көне нысан бұзылып, заманауи вокзал салынууда. Сондай-ақ перронды абаттандыру және жарықтандыру жоспарланған. Мердігер мекеме ескі пункттің орнын тегістеп, құрылыс қарқынын үдетті. Аумағын

абаттандыру үшін Жалағаш кенті әкімдігінің теңгеріміндегі жер учаскесі: «Қазақстан Темір жолы» АҚ Қызылорда облыстық филиалына беру жұмыстары жүргізілген. Жобада жаңа үлгідегі ғимарат, перронды абаттандыру және жарықтандыру қарастырылған.

Айта кетейік, елімізде 100 теміржол
қалалың жаңғырту қолға алынған.
Қазғанын келер жылы аяқтау жоспар-
ланып отыр. Биыл Қазақстан бойынша
жаңғырту жұмыстары жүріп жатқан
100 вокзалдың 10-ы – Қызылорда об-
лысының аумағындағы ғимарат. Өңір-
дегі теміржол вокзалдарын күрделі
жөндеу үшін шамамен 5 млрд теңге

қаржы қажет. Жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемелер «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-мен келісім-шартқа отырған.

2023 жылы Қызылорда қаласындағы ғасырдан астам тарихы бар вокзал мен аумағы толықтай жаңғыртудан өтті. Жобаның жалпы құны – 577 млн теңге. Оған «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 255 млн теңге қаржы бөлінді.

1905 жылы салынған бір қабатты вокзалға күрделі жөндеу жүргізіліп, бүгінде заманауи талаптарға сай бейімделді. Қасбеті травертин плиталарымен қапталды, шатыры жаңартылды, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустар орнатылды. Сонымен қатар суағар, су, көріз және жылу жүйелері жөнделіп, қала жақ беті көгалдандырылды. Ішкі бөлмелері де толықтай жөнделді.

Будан бөлек екі жолушыларлы платформасына асфальт төсөліп, төрт тірекке 10 жарықшам орнатылды. 1969 жылы салынған екінші нысан да жаңартылды. Әкімшілік ғимараттың қасбеті әрлеңіп, есіктері, 200 шаршы метр шатыр ауыстырылды. Жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен перронмен автотұрақ асфальтталып, жарықшадан қойылды. Сол аумақтың нысандардың қасбеті де заманауи келбетке ие болды. Бұл жұмыстар аймақтың көлік инфрақұрылымын жаңғыртып, жолушыларға сапалы қызмет көрсетуге бағытталған. Дәл осындай жұмыстар Жалағашта да қарқын алу-да. Бұйырғас, жолушылар бұл жолдың игілігін көретін күннің ауылы алыс емес.

Е.АНУАРҰЛЫ



Өңірде ықтимал су тасқынының алдын алудың іс-шаралар жоспары әзірленген. Су басу қауіпін бар аймақтарға арнайы техникаларды, күш-құралдары дайындыққа келтірілген мекемелер белгітелді. Атап айтқанда, 31 аймаққа 101 мекеме жауапты, оларда 268 арнайы техника және 1 195 адам күші бар.

Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қор, 100,6 тонна жанармай, 96099 дана қан және басқа да материалдар жеткілікті. Халықты көшіру пункттері дайын.

Жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдайлар, су шаруашылығы мамандарынан тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылады. Су жағдайы тұрақты бақылауда.

Был өңірдің туристік әлеуетін арттыру бағытында бір-қатар шара қабылданды. Жазғы маусымда 13 шағын және 2 ірі демалыс орны келушілерге қызмет көрсетті. Туристердің сұранысына сәй келетін халықаралық деңгейдегі Rixos және Rapa қонақүйлері салынууда.

Өткен 10 айдың қорытындысымен туризмге салынған инвестиция 49,2 млрд теңге болып, былтырғыға қарағанда 87 пайыз өсті. Жылдың 3 тоқсанында 157 500 турист келіп, олардың саны да 35 пайыз артқан.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өңірде санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында көшпенді жұмыс жүргізілуде.

Бюджет қаражатынан бөлек кәсіпкерлер демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілді.

Қазіргі уақытта атауын өзгертуге жататын жекеменшік мектеп құрылтайшыларына түсіндірме жұмысы жүргізілуде.

«Ауыл аманаты»: 33 жоба қаржыландырылған

Бұрын айылдақ жерде кәсіп ашу бос-
ауре секілді еді. Өйткені ауылда 3 бас-
тауға жүрексінетіндердің көкейіндәні
жалғыз құдық тауардың сатылымына
қатысты болатын, яғни ауылдақ жерде
барлық өнімге сұраныс жоқ секілді кө-
рінетін. Ал қазір ше, бүгінгі нарықтың
заманда «ауыл қала» деп бөліп-жаруға
тағы болмайды. Бұрынғы күдігінің орын-
сыз екенін қазір ауылдағы ағайын да
түсіне бастағандай. Өйткені қай ауылға
барсаңыз да кемінде жылпына 4-5
адамның мемлекеттік бағдарламаның
игілігін көріп отырғанын бағамдайсыз.
Бұл ауыл халқының да кәсіпте пайда-
ларын түсінгенін хабар береді.

Иә, мемлекет бұл саланы соңғы 10-15 жылда қолдауды күшейтті. Бұл сәтсіздімізді соңғы жылдары не бастауға кесіпті кеңейтуге берілетін инвестициялардың пайыздық ұстамақсынын төмендеуі, тіпті оның өзін мемлекет субсидиялап отырғанын қаттайды. Қарапайым халық та бұл мүмкіндікті құр жібергісі жоқ. Бұл жерде ешкім де ұтылымды, кәсіпке ден қойған халық турмыс сапасын арттырып, өз кірісін еселесе, мемлекет елдегі жұмыссыздық мәселесін тұсауға қол жеткізеді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту, әлеуметтің әлеуетін көтеру үшін Ел Үкіметі «Аманат» партиясымен бірлесіп, «Ауыл аманаты» жобасын іске қосты. Екі жыл бұрын Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жұмысын бастаған жарқын жобаның бүгінде ауылдағы ағайын жемісін көріп отыр. 2023 жылы 17 мың шағын несие беру үшін 10 млрд теңге қаралды. Дәл сол жылы жобаның арқасында 17 мың жұмыс орны құрылды, 7,1 млрд теңгеге 337 ауыл шаруашылығы кооперативі

қаржыландырылған. Былтыр бөлінген қаражат шеңберінде 4,7 млрд теңгеге 426 шағын несие беріліп, 614 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде 2,6 млрд теңгеге 105 ауыл шаруашылығы кооперативі қаржыландырылған. Биыл бұл жобаға 50 млрд теңге қарастырылған.

Кешегі ауыл әкімдерінің диалог-платформасында Президент «Ауыл аманаты» жобасы өз кесімін дамытықсыз» келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беретінін нақты айтты. Жоба аясында екі жылда 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылған. 2029 жылға дейін бұл бағдарламаға 600 млрд теңгеге жуық қаражат қаралмақ.

Бүгінде жалағаштықтар да жарқын жобаның игілігін көріп отыр. Тарқатып айтсақ, былтыр өңдеу саласы бойынша 16 жоба 66,7 млн теңге, мал шаруашылығы саласында 7 жоба 34,7 млн теңге, ара балы өндірісі бойынша 1 жоба 4 млн теңге, басқа да салалар бойынша 6 жоба 38,5 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Бір жылда 30 жобаға 143,9 млн теңге бөлінді.

Биылдың өзінде ауданда «Ауыл-амаанаты» жобасы аясында 166,5 млн теңгегі құрайтын 33 жоба қаржыландырылған. Оның ішінде өңдеу бағыты бойынша 13 жоба 58,9 млн теңге, асыл-тұқымды мал шаруашылығы бағыты бойынша 12 жоба 66,1 млн теңге, ара-балы өндірісінде 1 жоба 4 млн теңге, құстар шаруашылығы бойынша 1 жоба 2,5 млн теңге, қызмет көрсету бағыты бойынша 6 жоба 35 млн теңге қаржылы қолдау тапты. Бұл кәсіпкерлік саласына серпіні берумен қатар ауданда жұмыссыздықты мәселесін шешуге де көмек болып отыр. Мәселен, биыл қаржылы қолдау тапқан 33 жобаның арқасында ауданда

35 жаңа жұмыс орны құрылмақ.

Тарқатып айтқасқ, Жалағаш кентінде 12 жоба 65,8 млн теңгеге қаржыландырылған. Ал кент іргесіндегі Ақсу ауылында 5 жоба 29 млн теңге қаржылай қолдау тапты. Шалғайдағы Жаңаталапта 2 жобаға 3,7 млн теңге бөлінсе, Мақпалкөлде 4 жоба 22,5 млн теңгеге қаржыландырылды.

Жалпы бұдан ауылдағы ауылның ден қасіпке ден қойғаны «Ауыл аманаты» жобасы оны жүзеге асыруға дем бергенін анағұр қиын емес. Быыл Бұқарбай батыр ауылында 2 жоба 10,7 млн теңге қаржылай қолдау тапса, Таңда да 2 жоба 7,5 млн теңге қаржылай қолдауға ие болды. Аламысекте 2 жоба 7,8 млн теңгеге қаржыландырылса, Еңбекте 1 жобаға 4,3 млн теңге бөлінген. Ал Аққұмдағы 3 жоба 15,1 млн теңге қаржылай қолдау тапты.

«Ауыл аманаты» бағдарламасының тиімділігін арттыру және несиелі алушылардың құжаттарын жинақтау мерзімін үнемідей мақсатында «Аmanates.kz» цифрлық платформасына 15,2 млн теңгеге құрайтын басқа да 2 жобаның құжаттары енгізілген. Оның бірі Жаңақалпа ауылынан, ал келесісі Мақпалкөлдің өңірінде. Бұл жобалар да қолдау тапса, шалғайдағы қос елді мекенде тағы екі кәсіп иесі өз жұмысын бастайды. Бұдан бөлек аудан бойынша қосымша 19 млн теңгеге құрайтын 3 жобаның құжаттары жинақталуда.

«Ауыл аманаты» жобасының жемісін көріп, кәсібінің көкжиегін кеңейткендер қатарында ақсулық Әлімжан Телібаев та бар. Мал шаруашылығымен 5 жылдан бері айналысып келген ол малдың бабын жасап, оны сойып сатса, жары ірі қараның сауы-мына жаватын. Негізгі жұрт көбіне со-


ғымды қысқа қамдайды, еттің де өтетін уақыты осы. Бір қыста Әлекең 15-20 басқа дейін мал бордақылап сатады. Өткен қыста 15 ірі қара мен жылқысын пұлдаған.

Қазір жем-шөптің де бағасы аспандап тұр. Жергілікті сиырларды қанша бақсаң да шығыныңнан бөлек еңбегіңді ақтауы екіталай. Сондықтан ол көбінесе жылқы бордақылайтын. Былтыр жарымен ақылдасып, етті әр асыртқымалы мап алулы көзлейді.

Қазір «Ауыл аманаты» – кәсіп бас тауға да, оны дамытуға да қолайлы жаба. Беретін несиемініз де пайыздыз, үстемәксісі айтарлықтай төмен. Бүк жобаның жемісін көру үшін Елкенің оның көмегіне жүгіңізді кездезді. Абырой болғанда ауылдағы ағайынның бар мақсаты қолдау тапты. Осылайша мемлекеттен 2,5 пайызбен 6 млн теңгесіе алыды. Барлығын шашай-төкпейді атасікісі құйды. Арал ауданындағы «Қожағұл ата» шаруа қожалығынан асылтұқымды ақбас 8 бұзаулы сиыр мен 1 бұқа алып келді. Барлығы – е бағытандырық іріқара, Елкенде де қоллайлысы осы, енді басын бір көбейтіп алса, қыстай бұқасын бордақылап, аналығын алып қалады. Ал кейін оларды да бордақыға байлайды.

Жалпы бұл жобаның ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасын арттыруға тиімді тәсіл көп. Ауданға қарасты ауылдық елді мекендер халқы бұл мүмкіндікті құр жібермей, кәсіп ашуда. Бір сөзбен айтқанда, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жұмысы бастаған жобаның жалағаштықтар да жемісін көріп отыр.

Ерлан СОЗАКБАЕВ



Халықтың нашақорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру мақсатында жергілікті бюджеттен 2025 жылға 17 млн теңге қаражат бөлінген. 102 мыңнан астам жасөспірім, олардың ата-аналары мен оқытушыларының қатысуымен 1032 іс-шара өткізілді.

“ЖЖ” ақпарат

«Жауқазын» – тәрбие ордасы

Аудандағы «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы ғимараты – уақыттың талай сынынан өткен ерекше нысан. 1985 жылы типтік балабақша ретінде іргетасы қаланып, талай ұрпақтың жанын жылытты, талай бүлдіршіннің бала күлкісіне толы ошаққа айналды. Жергілікті жұрттың қажетіне қалтқысыз қызмет еткен сол ғимарат жылдар белесін артқа тастап, 2020 жылы қайта жаңғыртудан өтіп, жаңаша келбетке енді. Бүгінде жаңарған бөбекжай тоқсан баланы құшағына сыйдырып, кең жайылған ақ пейілдей айқара есігін ашып отыр.



«Жауқазын» бөбекжай-бақшасының шағын ғана ұжымы үлкен мақсаттың айналасына топтасқан. Мұнда 15 педагог маман күн сайын баланың танымын тербеп, олардың өлемге ашқан алғашқы қадамын сеніммен бастауына жол салады. Тынысы тоқтамай, тіршілігі тиянақты болуы үшін 17 техникалық көмекші қызметкер тынымсыз еңбек етеді. Бүгінде балабақшада бес топ жұмыс істеп тұр, әр топта балаға лайықты тәрбие мен білім беру жолға қойылған. Балалықтың әр белесіне сай мейірім мен қамқорлықтың өз мекені бар. Мұнда балалар екі жастан бес жасқа дейінгі аралықта қабылданып, өмірдің ең шуақты шағын осы жерде өткереді. Ең кішкентай бүлдіршіндер «Құлыншақ» тобының нәзік өлемінде алғашқы қадамын нық басып, айналасындағы өлеммен таныса, ортаңғы жастағы балдырғандар «Балапан» мен «Балдуарен» топтарында тәрбиеленіп, ой мен ойынның,

қиял мен ізденістің тамаша үйлесімін табады. Ал есейіп, өрісі кеңейген бүлдіршіндер «Балбөбек» пен «Балдырған» топтарында білімге қадам жасайды. Балабақша тынысымен жақынырақ танысқан сайын оның ауданның өзге бөбекжайларынан айрықша ерекшеленетінін бірден байқайсың. Мұнда жаңашылдық – тек мақсат емес, күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі. Инновациялық білім беру жүйесі жолға қойылып, бүлдіршіндер технология тілін еркін меңгеруге бет алған. Бүгінгі заман баласының қолына ноутбук ұстауы таңсық емес, ал бұл бөбекжайда олар сол құралды сенімді серіктік пайдалана бастайды. Ал ұлттық құндылықтарға арналған арнайы кабинет бөбекжайдың жүрегінде. Тұнық дүниенің төрінде тұрған бұл бөлме қазақы таным мен руханияттың иісін сездіріп, шаңырақ астында өсіп келе жатқан бүлдіршінге өз тамырының тереңдігін ұқтырады. Та-

биғатпен үндесуді мақсат еткен «Жасыл балабақша» жобасы да өз жемісін беріп отыр. Ауладағы шағын гүлзарларды балалар өз қолымен баптап, өсімдіктер өлемін тани түседі. Бөбекжай жұмысы тек қызметкерлердің еңбегімен ғана емес, ата-аналардың да белсенді қолдауымен көркейіп тұр. Олардың демеушілігімен аулаға жаңа бастырма салынып, балаларға жайлы орта қалыптасты.

«Жауқазын» бөбекжай-балабақшасының бүгінгі жетістігі мол, биігі айқын. Кеше ғана қалыптасу жолында ізденіп, бағыт-бағдарын айқындап жүрген ұжым бүгінде аудан мақтанышына айналып отыр. Ұжым көшін бастап келе жатқан меңгеруші Айжан Қайранбаева 2023 жылы «Үздік меңгеруші» байқауында 2-ші орыннан көрінген. Балабақшадағы әдістемелік жұмыстың ұйытқысы, әдіскер Майра Жүсіпбекова «Үздік циклограмма» номинациясында үздік танылды. Тәрбиеші Сәуле Шалқымаева өткен «Балақайға қаржылық сауаттылық», «Қазақшаң қалай, балақай?» атты екі бірдей байқауда топ жарды. Жаңашыл педагог Еркежан Ембергенова да биік белестерді бағындырып келеді. «Шебер әке, өнерлі ана, еңбексүйе бала» сайысындағы 2-ші орынды иеленсе, биылғы «Үздік бейне сабақ» сайысында 3-ші орынға табын тірді. Музыка өлемінің нәзік сырын бала жүрегіне жеткізе білген Қаракез Аханова – ұжым мақтанышы. Ол өткен жылы «Өнерім саған – Қазақстан» байқауында «Үздік композиция» бойынша 1-ші орынның төрінен көрініп, өнерпаз ұрпақ тәрбиелеудің биік үлгісін көрсетті. Тәрбиеші Нұрғұл Смаилова өз шығармашылығымен танылды. «Мен өлімнің патриотымын» сурет байқауында 3-орын, өткен жылы «Үздік дамытушы бағдарламасы» бойынша да 3-ші орынмен марапатталған. Гүлнәз Прманова биыл «Үздік циклограмма» номинациясын иеленіп, әдістемелік жұ-

мыстағы жоғары мәдениетін көрсетті. Балабақша – балалық шақтың байрағы желбіреп тұратын ең таза мекен. Гүлнұр Досболқызының тәрбиешілік тәжірибесі он жылға жуық уақытты қамтиды. Ол үшін бала тәрбиесі – жүрек қалауынан туған ізгі бағыт. Балапәрмен бірге жұмыс істегенді, өз қолымен жасалған дамытушы ойындарды ойнатып, бүлдіршіндерге қуаныш сыйлауды ерекше жақсы көреді. «Тәрбиеші жан-жақты болғанда ғана өз ісінің шынайы ұстазы бола алады» дейді ойын түйіндеп. Расында бұл мамандық иесіне қойылатын талап та, артылар жауапкершілік те бөлек.

Қос егізін күн сайын балабақшаға жетелеп алып баратын Райхан Ұзақбаева бұл тәрбие ұясының жұмысына дән риза. «Ата-ана ретінде қуанышым шексіз, Алдияр мен Шадияр әр таң сайын балабақшаға құстай ұшады» дейді ол ағынан жарылып. Егіздер бір жастан асқан шағында балабақшаға қабылданып, бүгінде мектепалды даярлық топта білім нәрін сіңіріп жүр. Гүлнұр Таимбетованың айтуынша, бір-бірін демеп жүретін егіздердің білімге ынтасы жоғары.

Дәліз бойынан ішкі өлемнің өз ырғағы сезілді. Бір бұрышта жайғасқан кітапхана сөресінде түрлі ертегілер кітабы тізіліп тұр. Топ бөлмесінің есігін ашқанда мүлде бөлек тынысқа тап боласың. Қазақы оқулы көрпеше үстінде шөгіп алып, тоғызмалаққа терең үңілген кішкентай ойыншылар. Балабақшаға арналған бір күндік сапар сырт көзге көріне бермейтін тынысын аңғартты. Осындай жаңа жайлы, ойға озық ортада өсіп келе жатқан бүлдіршіндер болашағының жарқын болмауы мүмкін емес. Бұл шаңырақ – ертеңгі елдің үмітін нықтап, әр баланың мүмкіндігін ашатын шырайлы бесік іспетті.

Гүлжан ЕСЖАН

Форум

Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтің төрағалығымен «Заң мен тәртіп – қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізі» тақырыбында аудандық жастар форумы өтті. Жиынға Жалағаш ауданы прокурорының орынбасары Рүстембек Бәкбергенов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов, аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет, әр салада қызмет етіп жүрген жастар және студенттер мен жоғары сынып оқушылары қатысты.

«Заң мен тәртіп» – әділеттілік кепілі



– «Мемлекет басшысының «Адал адам – Адал азамат – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтар ретінде «Тағы бір маңызды құндылық, бұл – заң және тәртіп. Заң алдында бәрі бірдей. Бұл – баршаға ортақ мызғымас қағида. Мемлекет жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке және бейберекеттікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуі тиіс» деді. Мемлекетіміздегі тыныштықты және азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басқа мен бәрінен өте орынды айтылған талап деуге болады, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ аудан әкімінің орынбасары жаңа Қазақстанды бірге құру жолында халық алдында қызмет жасау азаматтық парызымыз әрі борышымыз екенін атап өтті. Форумда Жалағаш ауданы прокураторының прокуроры Әділжан Оразғали, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов және аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жәзира Жүргенова баяндама жасап, «Заң мен тәртіп» қағидаты бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатындағы шараларға тоқталды.

Мұнан бөлек қоғамда заң мен тәртіпті орнатуға, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға белсенді қызмет атқарып жүрген бірқатар жасқа аудан әкімінің алғысы табысталды. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбында аудан журналистері мен жастары арасында өткен үздік мақала байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – қоғам тұрақтылығының кепілі

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі заманның жаһандық проблемасының бірі. Ол тек мемлекеттің экономикалық дамуына ғана емес, сонымен қатар оның саяси тұрақтылығына, халықтың мемлекетке деген сеніміне кері әсер етеді. Сондықтан Қазақстан Республикасы үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі және ұзақ мерзімді мемлекеттік саясаттың өзекті бағыты болып табылады.

Қазақстанда соңғы жылдары осы бағытта бірқатар жүйелі жұмыс жүргізілуде. 2015 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қоғамда әділдік пен ашықтықты қалыптастыруға бағытталған. Бұл заңның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жұмысына бақылау орнату және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру. Мемлекет басшысының Жолдауларында бұл мәселеге ерекше мән беріліп келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімді жүзеге асуы үшін ең алдымен оның алдын алу маңызды. Алдын алу дегеніміз – жемқорлықтың тамырын қию. Бұл – тек заңмен жазалау емес, ең бастысы, парасаттылық, адалдық, әділдік қағидаттарын қоғамның әр мүшесіне түсіндіру. Мектеп қабырғасынан бастап жастар арасында адалдық пен әр-ождан, заңға құрмет сияқты құндылықтарды қалыптастыру қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің этика нормаларын сақтауына да ерекше көңіл бөлінуде. Жалағаш кентінде де сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Мекемелерде түсіндірме жинадыры, семинарлар, қоғамдық бақылау шаралары, онлайн сауалнамалар ұйымдастырылып, парасаттылық идеологиясын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек қана мемлекеттік органдардың міндеті емес, бұл – тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі. Қоғамда әрбір азамат өз құқығын біліп, заң шеңберінде әрекет етсе, ешқандай жемқорлыққа жол берілмейді. Сол себепті парасаттылық әр адамның күнделікті өмірінің бөлшегі болуы тиіс.

Қорыта айтсақ, сыбайлас жемқорлықпен күресте тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін құқықтық сауаттылықты арттыру, ашықтықты қамтамасыз ету, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайту аса маңызды. Бұл жолда бәріміз бірлесіп отырып, әділетті, дамыған әрі тазалықты ту еткен қоғам құра аламыз. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – елдің болашағына жасалған үлкен инвестиция.

Жалағаш кенті әкімінің аппараты

2026 жылдың I-жартыжылдығына Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау жүргізу орны	Байланыс телефоны
Байғазиев Руслан Жассылықович	Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы	Жұмыс күндері 10:00-ден 17:00-ге дейін	Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32 Каб №1	+7 (72431) 31-2-88

* Қабылдауға жазылу +7 (72431) 31-2-88 телефоны және ugd.zhalagash@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.

Г.БАҚЫШБЕКҚЫЗЫ

Жабық бассейндегі жарыс

Сейсенбіде Дәуімбай елді мекеніндегі К.Құлтеңенов атындағы жабық бассейнде тәуелсіздік күніне арналған 10-13 жас аралығындағы оқушылар арасында еркін жүзуден аудандық жарыс өтті. Шараға ауданның әр мектебінен жас спортшылар қатысып, дайындық деңгейін танытты. Бұл жарыс аудан үшін тек спорттық іс-шара ғана емес, өскелең ұрпақтың спортқа деген қызығушылығын оятып, денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама ретінде бағаланды. Тәуелсіздік мерекесі аясында өткен дода жасөспірімдерге жаңа тәжірибе сыйлап, өз мүмкіндігін таразылап, алдағы жарыстарға деген ынтасын күшейтті.



Бассейн жұмысын жолға қойған алғашқы күннен-ақ мұнда тәртіп пен жүйелілік басты қағидаға айналды. Айына екі рет жарыс ұйымдастыру дәстүрге айналған. Бүгінде бұл бастаманың пайдасын көріп отырған бала да, ата-ана да аз емес. Жабық бассейн директорының спорт жөніндегі орынбасары Берікқазы Әуесбаевтың айтуынша, бұл жолғы бәйгеге 20 оқушы қатысқан. Жарыс мемлекеттік анұранмен басталып, көк айдың үстіндегі көк ту жаңғырықпен тербеліп тұр. Төреші белгі берген сәтте тыныштық бір сәтке шегініп, оның орнын құлаш сермеген балалардың екпіні басты. Жас жүзушілер суға мұқият дайындықпен қойылған қимылмен түсті. Бірінші бастан өткізген тәжірибесі байқалса, екіншісінің бойындағы батыл қадам анық сезілді. Су бетіне түскен әр толқын асығыстықтың емес, жарыстың талабын дәл меңгерген, өзін-өзі баптап алған шәкірттің жинақы әрекеті.

Жарыс жолындағы тартыс толас-тамай, шешуші сәт тағанды 19,35 секундта көрсеткішпен Мұратбек Дінмұхаммед алғашқы болып мәреге келді.

Екінші орын 21,12 секунд нәтижесімен №232 мектептің оқушысы Тұрсынбекұлы Мирасқа бұйырды. Үздік үштікті 21,70 секундта бағындырған Бекжас Кенжеғара қорытындылады.

– Бүгінгі осындай жарыстар – ауданның спорттық өлеуетін арттыруға ғана емес, жасөспірімдерге тәртіп, тейімділік және мақсаттылық сияқты құндылықтарды сіңіруге бағытталған маңызды мектеп. Көк айдыңды кесіп өткен балалардың қайсарлығы көпшектен үлкен жетістіктерге бастар жолдың алғашқы белесі екені анық, – дейді ұйымдастырушы Берікқазы Әуесбаев.

Суда жүзу бойынша өткен жарыс жас өркендердің дайындық деңгейін ғана емес, олардың қайсарлығын, табандылығын да айқын көрсетті. Негізгі жүлдегерлер анықталған соң, жарыс барысында ерекше көзге түскен бірқатар оқушы арнайы номинациялармен марапатталды. «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясы №123 мектеп оқушысы Жансұлтан Серікқазына табысталды. Сондай-ақ №202 мектеп-лицейінен қа-тысқан Нұрлан Бекарыс пен Қуанышбек

Нұрым да бұл марапатқа лайық деп танылды. Ал №232 мектептің оқушысы Серікбай Айдын да табандылығы мен жарысқа деген жауапкершілікті ұштастыра білген жасөспірім ретінде номинация иегері атанды.

Жарыс жолында бой көрсеткен жас жүзушілердің ішінде көз тоқтатпай өнер көрсеткендердің бірі – Жансұлтан Серікқазы. Алтыншы сыныпта оқитын ол бассейні ашылған күннен бастап суда жүзуді өзінің жақын серігіне айналдырған. Толқынмен тіл табысқан ол өз жасына қарамастан талайға үлгі болып жүр. Аталған жарыста номинация иеленген Жансұлтан бұған дейін де бірнеше жарыста топ жарып, өз жасындағы жүзушілердің арасынан дараланған. Анасының айтуынша, ол бос уақытын ойынға емес, көбіне бассейнге арнайды. Сабақтан кейін кешкілік өз бетімен қосымша дайындыққа барып, әр жаттығуын жіті қайталап жүретін көрінеді. Осындай жас дайындардың пайда болуы аудан спортын алға сүйрейтін қуатты күштің бастауы іспетті.

Өлеңім – өмірімнің бір бөлшегі

«Текіден текті туады» деген қанатты сөз Еңбек Ері, ақын Ұзақ Еспанов атамыздың ұрпақтарына қаратып айтылғандай. Қайраткер өз кезеңінде шаруаны ширатып, ауданның екінші тынысын ашуда аянбай еңбек етсе, бүгінде сол әке салған сара жолмен балалары Еңбек Ерінің ізін басып келеді. Әсіресе ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік саласында табанды еңбек етіп жатқан Манарбек Еспанов ағамыздың өрелі ісі өз алдына бөлек әңгіме. Ал Ұзақ Еспанов атамыздың ақындық қыры бүгінде баласы Сапабек Андақұловтың бойынан табылып отыр. Басылымның бүгінгі санында газетіміздің тұрақты оқырманы, ақын Сапабек Андақұловтың шығармашылығына орын бердік.



Құбылады бұл өмір бағдаршамдай

Өмірің түсіндей ғой бағдаршамның,
Қарасаң, бағамдайсың, аңғарсаң шын.
Жасыл, сары, қызыл боп құбылады,
Түстері ауысқандай жанған шамның.
Қадірін білмейсің ғой уақыттың,
Жастықпен, мастықпенен алдansaң шын.

Бағдаршамдай түске өмірің боялар,
Жасыл түсің жастық шағың тоя нәр!
Бәрі жасыл, өмір жасыл ғажайып,
Махаббатың, бар сезімнің оянар!
Жастық шағың – өміріңнің жәннаты,
Жәннатыңа сіре пенде тоя ма ал?!

Сары түсте сары күздей мұның бар,
Сары күзде сағыныштай ұғым бар.
Бұлжымайды табиғаттың заңдары,
Табиғат пен адам егіз ұғымдар.
Табиғаттың бір бөлшегі пендеңіз,
Табиғатпен сырласыңдар, ұғындар!

Қызыл түсің – қарттығыңның мекені,
Таяды өмір ақыры әне екі елі.
Өмір деген – қас-қағым сәт тым қысқа,
Көзді ашып, жұмғаныңша өтеді.
Өмір деген – бал-шырыны жалғанның,
Қандай қиын оны қиып кетерің?

Қарттықтан соң мәңгіліктің мекені!
Бұйрық келсе, пенде өмірден өтеді.
Бәрі-бәрі құзырында Алланың,
Кімнің ерте, кімнің кештеу кетері.
Кім ашыпты о дүние есігін?
Қызығына бар ма жалған жетері?

Сүр өмірді өкінбестей жалғанда!
Сұраласың шын өмірге барғанда.
Тек тіріңде сыйлас, жаса жақсылық,
Байлық, дәулет есептелмейді ол маңда.
Бәрі-бәрі таразыға тартылар,
Харекет қыл, қалмау үшін арманда!



Қанағат қыл

Барға тасып, жоққа қалқам налыма,
Қанағат қыл өмірдегі барыңа.
Өмір деген ол – Алланың сынағы,
Дақ түсірме иманың мен арыңа.
Болғын адал құдай қосқан жарыңа,
Бар айтарым пенделерге жалына.

Тойса да өзі, тоймайды оның көздері,
Көрмейді көз дүниеден өзгені.
Бар арманы баю, боққа малтығу,
Кеудесінен шыққаныңша өз демі.
Қанағатсыз жаңың міне, осындай,
Күнде көріп жүрген жанның өздері.

Қанағатың қарыныңды тойғызар,
Қанағатсыз жалғыз атын сойғызар.
Ал қанағат жолдас болса бар жанмен,
Бәрі орнында, болмайды жан ой бұзар.
Болмас жаның үйді бұзар, той бұзар,
Тек қанағат бәрін жойып қойғызар.

Қанағатпен болғын пендем бәрің дос,
Қанағатсыз, махаббатсыз дүние бос.
Байлық, бақыт келер өзі жорғалап,
Төбеге көкте болар әр кез көңіл хош!
Қанағатпен, махаббатпен болғын дос,
Жақсылықпен көмкерілген күнді тос.



Өлеңім – өмірімнің бір бөлшегі

Дөнбекшіп ұйықтамадым түніменен,
Алдымнан қарсы алардай күліп өлең.
Өлең-жыр – өмірімнің бір бөлшегі,
Өлең-өмір өрнегін сүріп өлем.

Ешкімге ұқсамайтын аспаным бар,
Сүйемін Мұқағали, басқаны да.
Өзгеше өзіме шақ өлемім бар,
Өзімше күркірейтін аспаны да.

Тек қана жолдарым бар өзім жүрер,
Жабырқап бірде көңіл, бірде күлер.
Суыймын, бірде ысымын жалын оттай,
Шаттанып бірде жүрек, бірде жүдер.

Шығады шер толқыса кейде өлең,
Шабытым шалқығанда кейде төгем.
Кей-кейде қара есектей митыңдаса,
Зым-зия кейде дым жоқ, күйтім көгем.
Өзімше мен өмірді жырлап өтем,
Өлеңім ұқсамайды жырға бөтен.
Жаныма жат қой менің митың жүріс,
Нәсердей не болса да төгіп өтем.
Барым да, нарым да осы сенсең көкем.

Менің де, тарау-тарау жолдарым бар,
Менің де көкке созар қолдарым бар.
Өнерге әркімнің де бар таласы,
Бәрің де қапы қалмай қолданыңдар!

Менің де қадау-қадау арманым бар,
Сай-салам, жүретұғын өз жолым бар.
Ойымен кез келгеннің қолы жетпес,
Шығатын белес-белес заңғарым бар.

Бойда ыстық тулап аққан қандарым бар,
Жырымнан, өлеңімнен аңғарыңдар.
Шабытың тулағанда маза бермей,
Ұйқысыз қарсы алатын таңдарым бар.

Ұйқысыз өткізегін түндерім бар,
Шабытым шарқ ұратын күндерім бал.
Қарқылы қарғалардың керек емес?
Бұлбұлдың көмейге Аллаһ үндерін сал !

Шап-шағын өзіме шақ бақытым бар,
Отбасым, немереммен уақытым бал.
Бер Аллаһ! Не берсең де үйіп-төгіп,
Көкемнің Лұқпан Хакім өмірін нәр!
Шабытың шалқып жатсын теңіздей боп,
Болмасын жүрек шерлі, көңілің шал.
Сүп-сұлу қыз мүсіндей бақытым бар,
Сол бақыттының өмірде тек өнін сал !

Қай заманда өмір сүріп жатырмыз?

Бар болсаң, Құдайындай бағалайтын,
Жоқ болсаң, «мүсәпір» деп алалайтын.
Сүрінсең мәз болады жас баладай,
Айызы қанып сені табалайтын.
Демеуге жығылсаң да жарамайтын,
Адам деп ауырсаң да қарамайтын.
Ақылың аз болғанмен ақшаң болса,
Қыран деп қарғаны да бағалайтын.

Бар болса, қарғаны да бұлбұл дейтін,
Адам-ау, оралды ма, маймыл кейпің?
Дүние не боп кетті алай-дүлей?
Пенделер жоғалтты ма адам кейпін?

Тап келдік біз осындай заманыңа,
Сай болды заманына адамы да.
Өзгерді пейілі мен ниеті де,
Бар шығар бұған да Алла амалы да.

Ал бұрын бар-жоқсың ба қарамайтын?
Ар-ұят, намысыңмен бағалайтын!
Ұятың күшті еді өліміңнен,
Парасат, пайымыңмен саралайтын!
Не заман өтседағы сырғып бастан,
Ей пендем, тәубеңе кел асып-таспан!
Болады тоқтық болса, аштығы да,
Бағын да бірде қонып, бірде қашқан!
Шүкірлік еткін дағы, тәубеңе кел!
Амалың құтқаратын емес ақшаң.

Ей пендем, «мен баймын» деп тасымағын!
Бәрінен биік тұрсын асыл арың!
Байлығың еріп кетер мұз секілді,
Бүгін бар, ертең жоқ тұр басыларың.
Өмірде қалатыны сіз бенен біз,
Сыйластық – өмірдегі асыл нәрің!

Дүние қуған жігіттерге айтарым,
Артық байлық байлық емес, қайта мұң.
Бәрімізді құтқаратын тозақтан,
Байлық емес, ізгі амалың байқағын!
Көрге оны кете алмайсың арқалап,
Жақсылық қыл, сауап жаса, айтам мың!

Бекем болсын бірлігің!

Өмір деген тым қысқа,
Қамшының келте сабындай.
Уақыт деген жүйрік қой,
Өте бір шығар сағымдай.
Сыйласқанға не жетсін,
Қамшыдай қысқа өмірде.
Қонақыңз ғой бәріміз,
Салмайық қаяу көңілге.

Өтер де кетер бұл жалған,
Бұл жалғаннан кім алған?
Ажалдан қашқан жан бар ма?
Құтылмады Қорқыт тажалдан.

Жалған да жалған дүние,
Жалғанға айтшы, кім ие ?
Болмаса жалған қайда өкен?
Қайда да кетті ал шешен?
Кетті ғой қарап ол түйе.

Сондықтан тату болайық,
Өмірің жалған, ол ғайып.
Болмасаң тату әрі дос,
Өтеді өмірің бәрі бос.

Татулық, бірлік бар жерде,
Бақыт бар, байлық халайық.
Өмірдің өзі – новелла,
Өмірден біз не алайық.

Ауызың ала болса егер,
Ауызыңдағы кетеді.
Төртеуің түгел болса егер,
Төбедегің келеді.

Бірлігің болса жарасқан,
Аллаңыз онда қарасқан.
Ынтымақ, бірлік жоқ жерде,
Төбегіңнен төнер қара аспан.

Бірлігің мәңгі бекем боп,
Көңілің, қарның болып тоқ.
Жасай бер мәңгі қазағым,
Тартпағын өмір азабын.
Тұрғанша дүние тұрғайсың,
Бірлігің болса, құрымайсың.
Бай-бақуат болып жырғайсың,
Жеңкісің алға зулайсың.
Тек сонда халқым құрымайсың.

Дүние допша дөңгелер,
Қоғам мен адам өзгерер.
Өзгермейтін бір Аллаһ,
Бірлігің Аллаһ жөн көрер.
Бірлігің болса мызғымас,
Бақытың өрге өрмелер,
Байлығың допша дөңгелер.
Қалғанда артта өзгелер,
Қазағым өрге өрмелер.
Нәсіп ет Аллаһ көз көрер,
Көрсін бар әлем, өзгелер.



■ Сараптама

Аурушаң балалар саны артты

Аурушаң балалар саны артты. Мамандар осылай дабыл қағады. Қоғам алаңдауы нені көрсетеді? Смартфон – өркениеттің ілгерілеуі ме, әлде ұрпаққа төнген үнсіз қауіп пе? Бала неге аурушаң болып кетті? Бұрын ширақ, шымыр өсетін бүлдіршіндер бүгін неге тез әлсірейді? Ең бастысы, еңбектеген сәбидің өзі тіл шығармай, экранға телміріп отыруы бізді толғандырмай ма?

Бұл сауалдар – кездейсоқ қойылған күмән емес, қоғам жүрегін тырнаған шындық. Кеше ғана уықтай өсіп, асыр сапып ойнайтын балалар қазір тым әлсіз. Анасының мейіріміне басы сүйенген сәби қазір экран қиялында адасып жүр. Уақыттың екпіні тым қатты ма, әлде біз бір нәрседен қателестік пе? Бүгін осы күрделі сұрақтардың жауабын іздеп, ұрпақ денсаулығына түскен бұлтты сөйлітуге талпынып көрмекпіз. Өйткені әр бала – елдің ертеңі, әр баланың тағдыры – ұлттың тағдыры.

Қолына телефон ұстап, көзін ұялы телефонның ұшығынан алмай өсіп келе жатқан бүгінгі бала – жаңа дәуірдің бейнесі. Бірақ сол бейненің астарында көзге көрінбейтін қауіп ұялап жатқанын байқай бермейміз. Соңғы жылдары дерігерлердің «аурушаң балалар саны артты» деген сөзі жай ғана құрғақ дерек емес, бүгін бір буынның болашағына түскен көлеңке іспетті.

Бүгінде мамандар дабыл қағып отыр. Өйткені бұрын тек үлкен кісілерге ғана тән болған есту мен көру әлсіздігі қазір мектеп жасындағы балаға дейін жеткен. Телефон – адамзат ойлап тапқан утымды құрал. Бірақ дәл сол құрал кей отбасында бала тәрбиесінің басты қарсыласына айналып барады. Пайдасы мен зияны қатар жүретін бұл дүниенің салмағын өлшейтін таразы біздің өз қолымызда. Кез келген мәселенің тамыры тереңде. Бір жағынан заман талабы, екінші жағынан адам факторы. Баланың жан-дүниесі назарды, жылуды, әңгімелесуді қалайды. Ал экран оған ешқашан шынайы жылылық бере алмайды. Сондықтан тілдің жеті шығуы да, мінездің түйықталуы да, аурушаңдықтың артуы да – қоғамның өз шындығы.

Балалар аурушаңдығы барлық елде белең алған

Бүгінгі жаһандық қоғам бір күнде мың жаңалыққа, миллион ақпаратқа көзін ашып, санасын сілкіп оянады. Соңғы он жылда дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы балалар арасында тіл дамуының кешігуі, көру қабілетінің ерте бұзылуы, есту қабілетінің шаршауы, депрессия мен алаңдаушылықтың өсуі, цифрлық тәуелділік белгілерінің артуы, жүйке жүйесінің әлсіреуі сияқты құбылыстардың күрт көбейгенін атап өтті.

Ресми деректрді сөйлестек, әлемде 5 жастағы балалардың 40 пайыздан астамы күніне 2 сағаттан артық гаджет қолданады. Көру қабілеті нашарлаған балалар саны соңғы 20 жылда 2 есеге артқан. Әрбір 7-ші бала тіл немесе сөйлеу бұзылыстары кездеседі. Жас-өспірімдер арасындағы депрессия соңғы он жылда әлем бойынша 60 пайызға өскен. Ғалымдардың өзі мұны «цифрлық революция-



ның көрінбейтін жанама әсері» деп атайды.

Жапониядағы медицина орталықтарына соңғы бес жылда тілдің кеш дамуы бойынша жүгінген балалар саны 2,5 есеге артқан. Австралияда психологтар 6-12 жас аралығындағы балалардың әрбір үшіншісі эмоционалдық шаршауға ұшырайтынын айтады. Үндістанда жүргізілген зерттеу бойынша, әрбір 5-ші балада сөйлеу мен назар бұзылысы бар екені анықталған. Бүгінгі таңда әлем бойынша әрбір оныншы балада дамудың кешөйілдеуі, ал жүз баланың бірінде аутизм спектрінің белгілері бар екені анықталып отыр.

ДЦП да – жаһандық деңгейдегі маңызды диагноздың бірі. Дүние жүзінде туған әр мың баланың 4-еуінде кездеседі. Әлемде жыл сайын 240 мың жаңа туған нәресте туа біткен ақаулар салдарынан алғашқы 28 күнде көз жұмады. 1 айдан 5 жасқа дейінгі аралықтағы тағы 170 мың бала диагнозбен күресте жеңіледі. ДДСҰ соңғы жылдары жүргізілген талдауда 1990 жылдан бері балалық шақтағы өлім төмендегенімен, туа біткен ақаулардың үлесі кей өңірлерде әлі де жоғары деңгейде қалып отырғанын атап өткен.

Елдегі ахуал қалай?

Адамзат алғаш рет балалық шақтың табиғи дамуына бөгет жасайтын факторды өз қолымен жасап отыр. Бұрын баланың даму кезеңдері табиғи заңдылықпен жүретін. Қазір бұл заңдылықты экранның жыпылықтаған жарығы өзгертуде. Ал Қазақстанда ше?

Біздегі көрініс әлемдік тенденцияға ұқсай ма? Иә, ұқсайды. Тіпті кей тұсы ауырлау. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, былтыр профилактикалық тексерістен бес миллионнан астам жасөспірім өтсе, соның 105 мыңға жуығынан түрлі кінерат табылды. 58 мыңға жуық балада көру қабілеті бұзылысы анықталса, есту қабілеті төмен балалардың саны 9,5 мыңға жеткен.

Соңғы он жылда Қазақстанда мүгедектігі бар балалар саны да 2 есеге жуық артты. 2010 жылы 49 мыңға жуық, 2022 жылы 104 260, 2023 жылы 109 496 бала тіркелген. Бұл – ресми диагноз қойылған балалар ғана. Ал диагноз қойылмаған, бірақ дамуы кешеуілдеген, тілі кеш шыққан, көру немесе есту қабілеті әлсіреген балалар саны бұдан да көп болуы мүмкін. 2023 жылы алғаш рет мүгедектік алған

балалар саны 15 мыңнан асқан. Сорақысы сол есу қарқыны тоқтар емес.

Қазақстанда бүгінгі таңда 6,8 миллионға жуық бала өмір сүріп жатыр, бұл халықтың 30 пайызын құрайды. Әрбір үшінші қазақстандық – бала. Қостанай мен Павлодар даласы баяғыдай қоңыр салқын, бірақ сол тыныштықтың ішінен баланың әлсіз тынысы сезіледі. Мектептерде көруі нашарлаған оқушылар саны артқан. Ел көлемінде мүгедек балалар санының көбеюіне бұл өңірдің де қосып отырған үлесі аз емес. Алтайдың асқақ шыңдары гасырлар бойы талай тарихты көрді. Бірақ соңғы жылдары байқалып отырған көрініс – өңір логопедтері бұрынғыдан әлдеқайда жиі кездесетін маманға айналды. UNICEF дерегі бойынша Шығыс Қазақстанда инклюзивті білімге мұқтаж балалар үлесі 10 пайызға жуық. Ал Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар саны артып келеді. Елде ДЦП диагнозы бар балалар саны 19 мыңға жуық. Реабилитациялық орталықтар саны бар болғаны – 49.

Түркістан облысы – еліміздегі бала саны ең мол аймақ. Ресми мәлімет бұл өңірдегі инклюзивті қолдауға сұраныстың 10,7 пайыз екенін айтады. Сандар – суық, бірақ дәл осы сандардың тасасында жылулық іздеген бала жүрегі бар.

Әлем қалай күресуде?

Балалар арасындағы аурушаңдықты сараласақ, оның табиғаты да, шығу тегі де әртүрлі екі арнаға бөлінеді. Екі өзен секілді, бірі бала жарық дүниесі есігін ашқанда бірге келсе, екіншісі кейінгі заманның тынысымен өмір салт-ымен қалыптасады.

Екі түрлі бастау – екі түрлі күрес моделі. Статистиканы саяратпай, алайда дені сау ұрпақ үшін әлем не істеп жатыр? Дамыған елдер қазір жұрттілікті кездейсоқ емес, саналы таңдау деп қабылдайды. Жапония, Корея, Германияның клиникаларында жас жұпар алдымен денсаулық паспорты арқылы тексеруден өтеді. Онда болашақ ананың витаминді қоры, жасырын қауіптері, генетикалық тәуекелдері алдын ала анықталады. Скандинавия елдерінде жүкті әйел – қоғамның ең қорғалатын адамы. Жұмыс жүктемесі азайтылып, стресс тудыратын ортадан заң-



мен қорғалады. Канада, Дания, Финляндия секілді елдерде жүкті әйелдерге йод, фолий қышқылы мен омега-3 кешендері тегін беріледі. Әлем қазір түсінді. Ананы қорғамай, дені сау ұрпақты қорғай алмаймыз.

Ультра дыбыстық құрылғылардың жетілдірілуі, генетикалық тесттердің дамуы медицинаға нәресте тағдырына ерте үңілуге мүмкіндік береді. Бұл орайда Израиль тәжірибесі – әлемдік эталон. Бұл елде әр жүкті әйел үш кезеңді генетикалық скринингтен өтеді. Нәтиже де жоқ емес, Израиль – бүгінде туа біткен кемшіліктер көрсеткіші әлем бойынша ең төмен ел. Байқап отырсақ, бүгінгі жаһанның мойындаған формуласы қарапайым, бірақ өміршен.

Қазақстан қандай қадам жасады?

Елімізде соңғы жылдары балалардың дамуында ауытқулар, аутизм, ЗПР сынды ерекше диагноздар көбейгені жасырын емес. Туа біткен сырқат – тағдыр табалдырығынан бері еретін жуық. Бүгінде Қазақстанда баланың дамуындағы кез келген ауытқу ерте кезеңде анықталу үшін ұлттық скрининг жүйесі жұмыс істейді. Денсаулық сақтау министрлігі кейінгі жылдары жаңа туған нәрестелерге аудио-скрининг, офтальмологиялық тексеріс, 49 түрлі туа біткен ауруға арналған генетикалық зерттеулерді енгізді.

Ендігі маңызды мәселе – көрініп отырған статистикалық өсу мен орыңдалып жатқан шаралар арасындағы үйлесімділік. Ерте диагностикаң нәтижесі бірден статистикада оң көрсеткішке айнаылмайды. Аутистік спектр, ЗПР және басқа да даму мәселелері – бір күнде жойылатын категориялар емес, олардың қайтымды әсеріне жету үшін жылдар мен жүйелі оңалту қажет. Әлеуметтік қолдау мен инклюзивті білім беру ғана қалыптасып отыр, ал оның толық әсері уақыт өте көріне бастайды. Сонымен қатар еліміздегі шалғай аймақтарда маман тапшылығы әлі бар, диагностика мен кешенді көмек шет аймақтарға төңдей жетпей жатады.

490 бала ерекше қолдауды қажет етеді

Бала – болашақтың ғана емес, бүгінгі күннің де нәзік жүрегі. Оның әр тынысы, әр қадамы ата-ана үшін алақанға салған асылға

Балаларға бақыт сыйлаған орталық

Бірінің үні кеш шықты, бірінің дыбысы анық емес. Ата-аналар осындай уайыммен логопедке келсе, көкейіндегі «балам сөйлей ала ма?» деген ең үлкен сұрақ күдікпен астадасы. Сол күдікті үмітке айналдырып жүрген ауданда кәсіпкер-дефектолог бар. Ол үшін бұл – жай жұмыс емес, жүректен басталатын жауапкершілік. Жадырасын Берекетова – өз мамандығын кәсіпке айналдырып, өңірдегі балғындарға тілдің, еркін қарым-қатынастың кілтіні ұсынып жүрген маман. Оның кабинеті – баланың алғаш рет айтылған сөзіне күе болатын шағын әлем.

– Мектеп қабырғасындағы балауса кезімде «Аялы алақан» деген шағын ғана бағдарлама болушы еді. Экраннан ерекше қажеттілігі бар балаларды көрген сайын жанарым жасасурайтын. «Бұл жандарға кім қол ұшын созады? Кім демеу болады?» деген бала жүрегімдегі жанашырлық сол сәттен бастап оянған еді. Осы бір ішкі тебіреніс бүгінгі тілмен айтқанда, менің алғашқы визуализациям болған шығар. «Өкенде осы балаларға көмектесемін» деп өзіме үнсіз уәде бергенмін. Уақыт өте мамандық таңдаудың да сәтін туды. Арман қуып Алматыға аттандым. Дегенмен ол кезде бұл салаға сұраныс төмен, «бұл жолмен нәнді жетістікке жетесің?» деп райымнан қайтаратындар көп болды. Бірақ сол сәттерде менің тірегім ата-анам еді. «Баланың арманына қанат бітсе, жолы да жарық болады» деп демеп, сенім берген олардың қолдауы мені бүгінгі күнге алып келді, – дейді Жадырасын Серікқызы.

Қазақ қыздарының қара шаңырағында білім нәрін бойына сіңірген ол оқуын үздік бітіргендердің қатарында еді. Оқу орны тарапынан оның талпынысын көріп, «осында қалсаң, орның бөлек болар еді» деп жол ұсынғандар да бол-



ды. Алайда жүрегінің түбі ауылын аңсап тұрды. Сөйтіп білімін де, жігерін де туған жеріне арнауды таңдады. Кеше ғана босағадан именіп атаған жас маман бүгінде онжылдық тәжірибесі бар, талай балаға жол сілтеп, біліктілігімен танылды. Уақыт оны шепенде, аудан жұрты оған алғысын арнап келеді.

Мектепте де, балабақшада да дефектолог болып еңбек етті. Әр орта оған жаңа тәжірибе, жаңа мінез әкелгендей болды. Ал мамандығының өмірге сыйлаған тосын сыйы тіпті бөлек. Жадырасын өлкеміз бір сәтке ғана ойланып, көнет жүзі бал-бұл жапыл жымиды. «Бұл мамандық маған тек кәсіби жол емес, өмірлік жарымды да тауып берді» дейді ол.

Бірнеше жылдық, аз да болса өзіне жетерлік тәжірибе жинап үлгерді. Күн сайын ата-аналардан «сізге қосымша емге алып барайықшы» деген толассыз өтініштер ағылып келеді. Сол сенім оның көкейіне кәсіп ашу туралы алғашқы ұшқын салған еді.

Кейіпкеріміз – ойға алғанын бірден іске асыратын қайсар мінездің иесі. Карантиннің қыспақты кезеңінде, көп адам тосылып қалған тұста, ол алғашқы орталығын ашып үлгерді. Дегенмен елдегі ахуалдың салқыны тиіп, бастама бастамада онша сәтті бола қоймады. «Үміті үзілген жан мұратына жетпейді» дегенді ұстанған ол ірікпей, екі ортада сантүрлі курстардан өтіп, білімін тереңдетті. «Басы қатты болса, аяғы тәтті

болады» дегендей, еңбектің жемісін де көрді. Биыл ол ауданнан «Парасат» ақыл-ой дамыту орталығын ашып, талай жылдық еңбегін жаңа деңгейге көтеріп жүр.

Орталықта әр баланың қабілет көкжиегін кеңейтуге бағытталған арнайы бағдарламалар жүйелі түрде қалыптасқан. Логика, есте сақтау, зейін, сөйлеу дағдысы мен шығармашылық ойлау, бәрі де бір арнаға тоғысқан. Атап айтқанда, ЗПР, ЗПР, РАС секілді даму ерекшелігі бар балалармен жұмыс жасау – орталықтың негізгі бағытының бірі. Сабақ барысында сенсорлық интеграция, арнайы дене-қимыл жаттығулары, АФК, логомассаж және тейіптеу тәрізді көпқырыл әдістер қолданылады. Ал сюжеттік ойындар баланың көңілін ашып, үйрену процесін жеңілдетеді.

Бала әлемін емдеп, оның жан-дүниесін тыңдай білетін маманның айтары көп. Орталыққа көбі сөйлеу тілінің бұзылыстарының келеді. Сәтін тауып, оның себебін сұрай кеттім. Маман әңгімесін бірден телефоннан бастамады. «Барлық бала телефон қарайды, бірақ барлығының тілі кеш шықпайды» деді ол. Негізгі себепті ана қорсағындағы сәбидің даму жағдайынан іздеу керектігін айтты. Екінші маңызды тұс – дені сау туған баланың кейінгі күттімі. «Біздің бала кезіміздегі қуалап ойнайтын қуыспақ, тығымпақ, аударыспақ, бәрі бір мезетте мидың бірнеше бөлігін қатар жұмыс істететін табиғи жаттығулар еді» дейді маман.

Расында бүгінгі бала денесін толық сезінбей өсіп келеді. Оған қоса, он бес секундтық жылдам видеолардың кесірі орасан. Мн бір жіпке тізілген ақпаратты емес, үзік-үзік жылдам кадрларды қабылдауға үйреніп барады. Мұндай бейнелер бала жүйкесіне салмақ түсіріп, мазасыздықты, ашушаңдықты, гиперактивтілікті күшейтеді. «Қазіргі мультфильмдердің көбінде кейіпкердің аузы жиырылмайды. Ал бала сөйлеуді алдымен аутизацияны бақылау арқылы үйренеді» деп қызылжады дефектолог-логопед маман.

Оның сөзін салмақтай тыңдағанда, бүгінгі баланың тыныштығына, болашағына жауапты үлкендердің бейқамдығы көзге көрінгендей. Әлі күнге дейін бұл балалар арасында бөлең

алып тұрған диагноздардың түпкі себебі толық ашылған жоқ. Дөп басып, нақты бір факторды кінәлау – ғылымға да, адамға да қиянат. «Мүмкін, әкесінің ұрық сапасы, мүмкін, ананың жүктілік кезіндегі денсаулығы әсер ететін шығар» дейді ойлана тұрып. Кей ата-ананың күдігі елпеге ауатыны да жасырын емес. Бірақ маман бұл пікірдің қисынсыз екенін, ғылыми негіз жоқ екенін анық айтып өтті. Тағы бір қате түсінік – сөйлемей жүрген баланы бірден логопедке алып келу. Логопед – соңғы баспалдақтың бірі ғана. Өйткені баланың ммы – бір ғана сөйлеуге емес, барлық функцияларға жауапты күрделі жүйе. Егер мидағы байланыс әлсіз болса, алдымен соларды қалпына келтіру қажет.

Орталық қазір екі жастан бастап бала қабылдайды. Бір курста алты-жеті ғана бүлдіршіп. Бұл – мұндағы жұмыстың сапасы саннан биік қойылғанының айғағы. Ауданның әр қиырынан ағылған ата-аналар легі толастамайды. Бірі жол үстінен келсе, енді бір жұмыс арасынан уақыт тауып келеді.

Орталыққа алғаш кірген жанға бұл жер ойын белмесіндей көрінуі мүмкін. Бірақ мұндағы ойын-дар жай ермек емес, бала дамуына мақсатты бағытталған. Бір бұрышта саусақтарын майда қиыршық құмға батырып, бауы шырышқтап отырған бүлдіршін көзге түседі. Екінші жақта арнайы қоршалған резеңке жолақта секіріп жатқан бала, ал дәл алдымда түрлі түсті шеңберлерді кезекпен реттеп салуға тырысқан сәби.

Мамандықтың мәнін жүрегімен түсінген кәсіпкер білікті кадрлар жинап, орталықты кеңейтудің қамымен жүр. Көздеріндегі жарық, сөзіне сыйған сенім, бастысы, Жадырасынның шынайы ниеті жанды жадыратты. Сөйтіп бастауын қарапайым арманнан алған кәсіп бүгінде парасатты ұрпақтың негізін қалап, аудан өміріне жаңа тыныс сыйлап отыр.

Бала болашағына арналған еңбектің қадірі қашан да биік. Сондықтан кейіпкеріміздің кәсібі бір орталықтың шеңберіне сыймайтын, тұтас ұрпақтың рухани деңгейін көтеретін баға жетпес қызмет екені анық.

Бетті дайындаған Гүлжан ЕСЖАН

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 87242/40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2763 Тапсырыс №2130
---	--	---	--	--